e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 26.03.2020
Сақтау күні 28.03.2024
Дата редакции 26.03.2020
Дата скачивания 28.03.2024

Қарағанды облысының әкімдігі

Қарағанды облысының әкімдігінің 2019 жылғы 31 қазандағы № 61/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 6 қарашада № 5523 болып тіркелді. Күші жойылды – Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 26 наурыздағы № 18 /05 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Акимат Карагандинской области

«Азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 қыркүйектегі № 54/02 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Ескерту. Күші жойылды – Қарағанды облысының әкімдігінің 26.03.2020 № 18/05 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Күші жойылған

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі заңдарына, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 1576 «Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17876 болып тіркелген), 2019 жылғы 12 сәуірдегі № 191 «Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18527 болып тіркелген) және 2019 жылғы 22 шілдедегі № 393 «Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №19111 болып тіркелген) бұйрықтарына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3468 болып тіркелген, «Индустриальная Караганда» газетінде 2015 жылғы 3 қарашадағы №155-156 (21906-21907), «Орталық Қазақстан» газетінде 2015 жылғы 3 қарашадағы №179-180 (22064), «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 2 қарашасында жарияланған) Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 қыркүйектегі № 54/02 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) «Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3) «Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4) «Әке болуды анықтауды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5) «Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Күші жойылған

6) «Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7) «Қайтыс болуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

8) «Бала асырап алуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 8-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

9) «Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 9-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

10) «Азаматтық хал актілері жазбаларын жою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 10-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі **Ж. Қасымбек**

Күші жойылған

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 26.03.2020
Сақтау күні 28.03.2024
Дата редакции 26.03.2020
Дата скачивания 28.03.2024

Қарағанды облысы әкімдігінің
2019 жылғы «___» _____
№ _____ қаулысына
1-қосымша

Қарағанды облысы әкімдігінің
2015 жылғы 17 қыркүйектегі
№ 54/02 қаулысымен
бекітілген

«Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Күші жойылған

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. «Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қарағанды облысының қала, аудандарының жергілікті атқарушы органдары көрсетеді (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет беруші).

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық/қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі:

жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде қағаз жеткізгіштегі туу туралы куәлік, енгізілген өзгерістерімен, толықтыруларымен және түзетулерімен қоса туу туралы қайталама куәлік немесе Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірінде № 219 «Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11374 болып тіркелген), (бұдан әрі - Стандарт) «Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 10-тармағымен көзделген негіздер мен жағдайлар бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» қызметті көрсетушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлы қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі берілетін күнінің белгіленгені туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 10-тармағымен қарастырылған жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электрондық құжат нысанындағы дәлелді жауап жолданады.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру мынадай баламалы негізде:

1) аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - ЖАО), Қарағанды облысының кенттерінің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

3) «электрондық үкіметтің» веб-порталы» (бұдан әрі – портал) www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің нысаны: қағаз түрінде.

Күші жойылған

2- Тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша процедураның (әрекет) басталуы үшін негіздеме Стандарттың 9 тармағында қарастырылған қажетті құжаттар және өтініш негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) қызмет көрсетушінің кеңсе маманы мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтінішті және құжаттар пакетін қабылдайды, тапсырылған құжаттардың

Стандартының 9 тармағына сәйкестігін, көшірмелерді салыстырып тексереді, қызмет алушыға құжаттар пакетін күнін және уақытын көрсете отырып, тіркеу туралы белгі қойып, 20 (жиырма) минут ішінде құжат береді;

нәтиже – қызмет алушыға құжаттар пакетін күнін және уақытын көрсете отырып, тіркеу туралы белгі;

2) қызмет көрсетушінің кеңсе маманы 30 (отыз) минут ішінде өтінішті қызмет көрсетушінің басшысына қарауға береді;

нәтиже – қызмет берушінің қарауына өтінішті және құжаттар пакетін тапсырады;

3) қызмет көрсетушінің басшысы 30 (отыз) минут ішінде жауапты орындаушыны белгілейді, орындау үшін қол қояды;

нәтиже - көрсетілетін қызметті көрсетушінің басшысының бұрыштамасы және жауапты орындаушыға береді;

4) қызмет көрсетушінің жауапты орындаушысы 1 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметтің құжаттар топтамасының қойылатын талаптарға сәйкестігін қарайды, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің жобасын дайындайды, егер баланың тууын оның туған күнінен бастап үш жұмыс күні өткеннен кейін өтініш берілген жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызмет 7 (жеті) жұмыс күні ішінде көрсетіледі, мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9- тармағында белгіленген құжаттарды қосымша тексеру қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде мемлекеттік қызмет алушыны хабардар ете отырып, күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

азаматтық хал акті жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қаралады (құжаттарды қабылданған күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді), басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушыны 3 күнтізбелік күн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

нәтиже – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын қол қою үшін көрсетілетін қызметті көрсетушінің басшысына жіберу;

Күші жойылған

5) қызметті көрсетушінің басшысы 30 (отыз) минут ішінде шешім қабылдайды және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің жобасына қол қояды;

нәтиже – берілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі;

6) қызмет көрсетушінің кеңсе маманы жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде, көрсетілетін қызметті алушыға дайын мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін береді немесе реестрге сәйкес көрсетілетін қызметті беруші кейіннен көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды – 20 (жиырма) минут;

нәтиже – жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде қағаз жеткізгіштегі туу туралы куәлік, енгізілген өзгерістерімен, толықтырулармен және түзетулермен тууы туралы куәлікті қайтадан беру болып табылады.

Күші жойылған

3- Тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:

1) қызмет көрсетушінің басшысы;

2) қызмет көрсетушінің кеңсе маманы;

3) қызмет көрсетушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасында рәсімдердің (әрекеттердің) реттілігінің сипаттамасы:

1) қызмет көрсетушінің кеңсе маманы мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтінішті және құжаттар пакетін қабылдайды, тапсырылған құжаттардың Стандартының 9 тармағына сәйкестігін, көшірмелерді салыстырып тексереді, қызмет алушыға құжаттар пакетін күнін және уақытын көрсете отырып тіркеу туралы белгі қойып - 20 (жиырма) минут ішінде құжат береді;

2) қызмет көрсетушінің кеңсе маманы 30 (отыз) минут ішінде өтінішті және қызмет көрсетушінің басшысына қарауға береді;

3) қызмет көрсетушінің басшысы 30 (отыз) минут ішінде жауапты орындаушыны белгілейді, орындау үшін қол қояды;

4) қызмет көрсетушінің жауапты орындаушысы 1 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасының қойылатын талаптарға сәйкестігін қарайды және мемлекеттік қызметтің қорытындысының жобасын дайындайды; егер баланың тууын оның туған күнінен бастап үш жұмыс күні өткеннен кейін өтініш берілген жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызмет 7 (жеті) жұмыс күні ішінде көрсетіледі, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында белгіленген құжаттарды қосымша тексеру, басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

азаматтық хал акті жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қаралады (құжаттарды қабылдаған күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді), басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушыны 3 күнтізбелік күн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

5) қызмет көрсетушінің басшысы 30 (отыз) минут ішінде шешім қабылдайды және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің жобасына қол қояды;

6) қызмет көрсетушінің кеңсе маманы қолхат негізінде көрсетілетін қызметті алушыға дайын мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін береді немесе реестрге сәйкес көрсетілетін қызметті беруші кейіннен көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды – 20 (жиырма) минут.

Күші жойылған

4- Тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл жасау тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

8. Мемлекеттік корпорацияға жүгінудің тәртібін сипаттау, көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеу ұзақтығы:

Мемлекеттік корпорацияға жүгіну кезіндегі мемлекеттік қызмет көрсетуге, Мемлекеттік корпорация қызметкерінің қызмет алушыдан Стандарттың 9 тармағына сәйкес құжаттарды қабылдау негіз болып табылады.

1) Мемлекеттік корпорация қызметкері:

көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар топтамасының толық болуын және өтінішті толтырудың дұрыстығын тексереді;

ұсынылған құжаттар топтамасы толық және өтінішті толтыру дұрыс болған жағдайда, МК қызметкері өтінішті «Мемлекеттік корпорация шоғырландырылған ақпараттық жүйе» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – МК ШАЖ) тіркейді;

көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіреді, көрсетілетін қызметті алушы жайында тиісті ақпаратты және берілген құжаттардың тізімін МК ШАЖ енгізеді;

егер де Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Мемлекеттік корпорация қызметкері ақпараттық жүйелердегі, заңмен қорғалатын құпиялардан тұратын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады;

тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхатта көрсетілетін қызметті алушыға береді;

қызметті алушымен құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайда Стандарттың 3 қосымшасына сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді (он бес минуттан аспайды);

Күші жойылған

2) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды дайындайды және оларды көрсетілетін қызметті берушіге курьерлік немесе осыған уәкілетті өзге де байланыс арқылы жібереді (бір жұмыс күнінен аспайды);

тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхатта көрсетілетін мерзімде Мемлекеттік корпорацияға дайын құжаттарды беру;

3) Мемлекеттік корпорация қызметкері қолхатқа сәйкес көрсетілетін қызметті алушыға не оның уәкілетті өкіліне (нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша) «электрондық» кезек талонын береді (кемінде он бес минут);

4) Мемлекеттік корпорацияға қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға оның уәкілетті өкіліне (нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша) көрсетілетін қызметті алушыға дайын мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін береді (кемінде он бес минут).

9. МК ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – МКАЖ) арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы көрсетілетін қызмет:

1) 1-үдеріс – МК қызметкерінің қызмет көрсетуі үшін МКАЖ автоматтандырылған жұмыс орнында (бұдан әрі – АЖО) логин мен парольді енгізуі (авторландыру үдерісі);

2) 2-үдеріс – МК қызметкерінің осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдап алуы, қызмет көрсету үшін экранға сұрату нысанын шығаруы және МК қызметкерінің көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерін, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының сенімхат бойынша өкілінің мәліметтерін енгізуі (нотариалды куәландырылған сенімхат болған кезде, сенімхат басқаша куәландырылған жағдайда ол сенімхат толтырылмайды);

3) 3-үдеріс – «Электрондық үкімет шлюзі» (бұдан әрі – ЭҮШ) арқылы көрсетілетін қызметті алушы мәліметтері туралы сұранымды «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қорында (бұдан әрі - ЖТ МДҚ), сондай-ақ бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйеде (бұдан әрі – БНАЖ) – көрсетілетін қызмет алушы өкілінің сенімхаты мәліметтері туралы жіберу;

4) 1-шарт – ЖТ МДҚ-да көрсетілетін қызметті алушы мәліметтерінің, БНАЖ-да сенімхат мәліметтерінің бар болуын тексеру;

Күші жойылған

5) 4-үдеріс – көрсетілетін қызметті алушы мәліметтерінің ЖТ МДҚ-да, сенімхат мәліметтерінің БНАЖ-да болмауына байланысты мәліметтерді алудың мүмкін еместігі туралы хабарлама қалыптастыру;

6) 5-үдеріс – МК қызметкерінің сұраным нысанының қағаз нұсқасындағы құжаттардың бар болуы туралы белгілеу бөлігін толтыруы және көрсетілетін қызметті алушы берген құжаттарды сканерлеп, оларды сұраным нысанына қыстыру және қызмет көрсетуге сұранымның толтырылған нысанын (енгізілген мәліметтерді) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) арқылы куәландыру;

7) 6-үдеріс – МК қызметкерінің ЭЦҚ-мен расталған (қолы қойылған) қағаз түрде құжатты (көрсетілетін қызметті алушының сұранымын) ЭҮШ/ «Электрондық үкімет өңірлік шлюзі» (бұдан әрі – ЭҮАШ) арқылы уәкілетті органға жіберу;

8) 7-үдеріс – қағаз түрде құжатты АХАТ АЖ тіркеу;

9) 2-шарт – көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушы қоса тіркеген Стандартта көрсетілген құжаттардың сәйкестігін және қызмет көрсетуге негіздеме болатынын тексеруі (өңдеуі);

10) 8-үдеріс – қызмет көрсетушімен көрсетілетін қызметтің қортындысын қалыптастыру және МК-ға жолдау;

11) 9-үдеріс – көрсетілетін қызметті алушының МК қызметкері арқылы қызмет қорытындысын (хабарлама) алуы.

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы, осы регламенттің 1 қосымшасында келтірілген.

10. Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының рәсімдерінің дәйектілігі мен өтініш тәртібін сипаттау:

1 үдеріс - мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін Порталға көрсетілетін қызметті алушымен парольды және ЖСК енгізу процесі (авторизациялау процесі);

1 шарт - жеке сәйкестендіру нөмірі мен паролін арқылы тіркелген көрсетілетін қызметті алушы жөнінде деректердің түпнұсқалығын Порталда тексеру (ЖСК/БСН);

Күші жойылған

2 үдеріс - көрсетілетін қызметті алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны Порталға қалыптастыру;

3 үдеріс - көрсетілетін қызметті алушымен таңдау, құрылымы мен форматты талаптарын есепке ала отырып, көрсетілетін қызметті алушымен нысанды (деректерді енгізу) толтыру және қызмет көрсету үшін сауал нысанды экранға шығару;

4 үдеріс - мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұраудың толтырылған нысанына (енгізілген деректерге, сканерленген құжатқа) ЭЦҚ арқылы қол қоюы;

2 шарт - сәйкестендіру деректерінің (сұрауда көрсетілген жеке сәйкестендіру ЖСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН арасындағы) сәйкестігін, ЭЦҚ қайтарып алынған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде болмауын тексеру;

5 үдеріс - қызметкерінің ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұратылатын мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

6 үдеріс - көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған құжатын (қызметті алушының сұрауын) ЭҮӨШ арқылы жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық ортасында жіберу және қызмет көрсетушінің жауапты орындаушысының электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметті өңдеуі;

7 үдеріс - қызмет көрсетушінің жауапты орындаушысының мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қалыптастыруы. Электрондық құжатты көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы ЭЦҚ-ны пайдалана отырып қалыптастырады және қызметті алушының порталына жібереді.

Портал арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық іс-қимылдың диаграммасы, осы регламенттің 2 қосымшасында келтірілген.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау, сондай-ақ Мемлекеттік корпорация және (немесе) өзге көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау осы регламенттің 3

Күші жойылған

қосымшасына сәйкес «Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процесстерінің анықтамасында көрсетілген.


Күші жойылған

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде


Редакциялау күні 26.03.2020
Сақтау күні 28.03.2024
Дата редакции 26.03.2020
Дата скачивания 28.03.2024

«Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік қызмет регламентіне
1 қосымша

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсетуде ақпараттық жүйелердің функционалды өзара әрекеттесуінің диаграммасы




Шартты белгілер:


Бастапқы хабарлама
Аяқтаушы хабарлама
Аяқтаушы қарапайым оқиға
Қате
Ақпараттық жүйе
Үдеріс
Шарт
Хабарламалар ағыны
Басқару ағыны
Соңғы тұтынушыға ұсынылатын электрондық құжат

Күші

«Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік қызмет регламентіне
2 қосымша

Портал арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық іс-қимылдың диаграммасы




Белгілеу шарты:


Бастапқы хабарлама


Аяқтаушы хабарлама


Ақпараттық орта


Үдеріс


Шарт

Басқару ағыны


Хабарлама ағыны


Соңы пайдаланушыға берілетін, электрондық құжат

Күші жо

«Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік қызмет регламентіне
3 қосымша

«Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процесстерінің анықтамасы



Белгілеу шарты:



- мемлекеттік қызметті көрсетудің басталуы және аяқталуы;



- мемлекеттік қызметі алушының немесе ҚФБ рәсімінің (іс-әрекетінің) атауы;



- таңдау нұсқасы;



- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Күші жойылған

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 26.03.2020
Сақтау күні 28.03.2024
Дата редакции 26.03.2020
Дата скачивания 28.03.2024

Қарағанды облысы әкімдігінің
2019 жылғы «___» _____
№ _____ қаулысына
2-қосымша

Қарағанды облысы әкімдігінің
2015 жылғы 17 қыркүйектегі
№ 54/02 қаулысымен
бекітілген

«Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Күші жойылған

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. «Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қарағанды облысы қалалары, аудандары жергілікті атқарушы органдарымен (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық/қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі:

жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде қағаз жеткізгіштегі неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, енгізілген өзгерістерімен, толықтыруларымен және түзетулерімен қоса қайталама неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік немесе Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірінде № 219 «Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11374 болып тіркелген), (бұдан әрі - Стандарт) «Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 10-тармағымен көзделген негіздер мен

жағдайлар бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында электрондық өтінішті қабылдау және неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу күнін белгілеу туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электрондық құжат нысанында дәлелді жауап жолданады.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру мынадай баламалы негізде:

1) аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы орган, Қарағанды облысының кенттерінің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері;

2) «электрондық үкіметтің» веб-порталы» (бұдан әрі – портал) www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің нысаны: қағаз түрінде.

Құлп жойылған

2- Тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-әрекетті) бастауға негіздеме Стандартының 9-тармағымен қарастырылған қажетті құжаттар және өтініш болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету үрдісінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-әрекеттер) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қызмет көрсетушінің кеңсе маманы құжаттар топтамасын және өтінішті қабылдайды, Стандарттың 9-тармағына

сәйкес ұсынылған құжаттарды тексереді, көшірмелерді салыстырады, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы үзбе талонын көрсетілетін қызметті алушыға береді - 20 (жиырма) минуттың ішінде;

нәтиже - тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы үзбе талонын беру;

2) қызмет көрсетушінің кеңсе маманы қызметті көрсетушінің басшысына өтінішті қарауға береді - 30 (отыз) минуттың ішінде;

нәтиже - өтінішті және құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті көрсетушінің басшысына қарауға беру;

3) қызмет көрсетушінің басшысы жауапты орындаушысын айқындайды, орындау үшін тиісті бұрыштама қояды - 30 (отыз) минуттың ішінде;

нәтиже - қызмет көрсетушінің басшысының бұрыштамасын қою және қызметті көрсетушінің жауапты орындаушысына жіберу;

4) қызмет көрсетушінің жауапты орындаушысы өтініштің қойылатын талаптарға сәйкестігін қарайды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды. Ұсынылған құжаттардың қолданыстағы заңнамаға, сонымен қатар Стандарттың 9, 10 тармақтарына сәйкес келмеген жағдайда қызмет көрсетушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуды қалыптастырады; неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) тіркеу некеге тұруға (ерлі-зайыпты болуға) ниет білдірушілердің көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген күннен бастап бір ай өткеннен кейін жүргізіледі (қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді);

некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың бірлесе берген өтініші бойынша тиісті құжаттармен (жүктілік туралы дәрігерлік - біліктілік комиссиясының анықтамасы, денсаулық жағдайы туралы анықтама, басқа да ерекше мән-жайларды растайтын құжаттар) расталатын дәлелді себептер болған кезде (жүктілігі, бала тууы, тараптардың бірінің өміріне тікелей қауіп төнгенде және басқа да ерекше мән-жайлар) неке қиюды (ерлі - зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір ай өткенге дейін неке қиюды (ерлі - зайыпты болуды) тағайындайды не мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушылардың берген жазбаша өтініші негізінде оны бір айдан аспайтын мерзімге ұзартады;

Күші жойылған

ерекше мән-жайлар (жүктілігі, бала тууы, тараптардың бірінің өміріне тікелей қауіп төнгенде және басқа да ерекше мән-жайлар) болған кезде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың ниеті бойынша, себебі мен растайтын құжаттарды міндетті түрде көрсете отырып, өтініш берілген күні жүргізіледі;

азаматтық хал акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш 7 (жеті) жұмыс күні (қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді), басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушыны 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

нәтиже – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі жобасын қызмет көрсетушінің басшысына қол қоюға жіберу;

5) қызмет көрсетушінің басшысы шешім қабылдайды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі жобасына немесе дәлелді бас тартуға қол қояды - 30 (отыз) минуттың ішінде;

нәтиже - мемлекеттік қызмет көрсетудің қол қойылған нәтижесі немесе дәлелді бас тарту;

6) қызмет көрсетушінің кеңсе маманы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жеке куәлікті көрсеткен жағдайда береді - 20 (жиырма) минуттың ішінде;

салтанатты рәсімді жүргізу кезінде некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеу - 20 (жиырма) минуттан аспайды;

нәтиже – жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, енгізілген өзгерістермен, толықтырулармен және түзетулермен қайталама неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап болып табылады.

Күші жойылған

3- Тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) қызмет көрсетушінің басшысы;

2) қызмет көрсетушінің кеңсе маманы;

3) қызмет көрсетушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

1) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қызмет көрсетушінің кеңсе маманы құжаттар топтамасын және өтінішті қабылдайды, Стандарттың 9-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарды тексереді, көшірмелерді салыстырады, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы үзбе талонын көрсетілетін қызметті алушыға береді - 20 (жиырма) минуттың ішінде;

2) қызмет көрсетушінің кеңсе маманы қызметті көрсетушінің басшысына өтінішті қарауға береді - 30 (отыз) минуттың ішінде;

3) қызмет көрсетушінің басшысы жауапты орындаушысын айқындайды, орындау үшін тиісті бұрыштама қояды - 30 (отыз) минуттың ішінде;

4) қызмет көрсетушінің жауапты орындаушысы өтініштің қойылатын талаптарға сәйкестігін қарайды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын 20 (жиырма) минуттың ішінде дайындайды. Ұсынылған құжаттардың қолданыстағы заңнамаға, сонымен қатар Стандарттың 9, 10 тармақтарына сәйкес келмеген жағдайда қызмет көрсетушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуды қалыптастырады;

5) қызмет көрсетушінің басшысы шешім қабылдайды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі жобасына немесе дәлелді бас тартуға қол қояды - 30 (отыз) минуттың ішінде;

6) қызмет көрсетушінің кеңсе маманы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жеке куәлікті көрсеткен жағдайда береді - 20 (жиырма) минуттың ішінде.

Салтанатты рәсімді жүргізу кезінде некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеу - 20 (жиырма) минуттан аспайды.

Күші жойылған

4- Тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл жасау тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

8. Стандартқа сәйкес мемлекеттік қызмет «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік Корпорациясы арқылы көрсетілмейді.

9. Порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушының рәсімнің кезектілігі және жүгіну тәртібінің сипаттамасы:

1 үдеріс - мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушының порталға ЖСН және паролін енгізу (авторизация процесі) процесі;

1 шарт - порталған тіркелген көрсетілетін қызметті алушы туралы деректердің түпнұсқалылығын ЖСН және пароль арқылы тексеру;

2 үдеріс - көрсетілетін қызметті алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты авторизациялаудан бас тарту туралы порталда хабарлама қалыптастыруы;

3 үдеріс - көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін экранға сұрау салу нысанын шығару және көрсетілетін қызметті алушының нысанды оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып толтыруы (мәліметтерді енгізу);

4 үдеріс - көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуге толтырылған сұрау салу нысанына (енгізілген деректерге, сканерленген құжатқа) қол қою;

2 шарт - сұрау салуда көрсетілген ЖСН мен тіркеу куәлігіндегі ЭЦҚ арасындағы сәйкестендіру деректерінің сәйкестігін және қайта алынған (күші жойылған) тіркеу куәліктері тізімінде болмауын порталда тексеру;

5 үдеріс - көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ түпнұсқасының расталмауына байланысты сұрау салынатын мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

Күші жойылған

6 үдеріс - электрондық құжатты (көрсетілетін қызметті алушы сұрауы) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған ЭҮӨШ АЖО ЭҮШ арқылы ЖАО АЖ жіберуі және қызмет көрсетушінің кеңсе маманымен мемлекеттік қызметті өңдеуі;

7 үдеріс - көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесін қызмет көрсетушінің жауапты орындаушысымен қалыптастыру. Электрондық құжат маманның ЭЦҚ қолдануымен қалыптастырылады және порталда көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне беріледі. Сұрау салудың қабылдануы туралы және неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу күні тағайындалғаны туралы мәртебе көрсетіледі.


Портал арқылы электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы осы регламенттің 1 қосымшасында келтірілген.

10. Қызмет көрсетушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі рәсімдерінің (іс-қимылдарының), өзара іс-қимылдары кезектілігінің егжей-тегжейлі сипаттамасы, мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібі осы Регламенттің «Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» 2 қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында келтірілген.


Күші жойылған

«Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі регламентіне 1 қосымша

Портал арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық іс-қимылдың диаграммасы




Белгілеу шарты:



«Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу,
оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына
өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу»
мемлекеттік көрсетілетін қызметі регламентіне
2 қосымша

«Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Белгілеу шарты:



- мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетудің басталауы немесе аяқталуы;



- мемлекеттік қызметі алушының немесе ҚФБ рәсімінің (іс-әрекетінің) атауы;



- таңдау нұсқасы;



- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Күші жойылған

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 26.03.2020
Сақтау күні 28.03.2024
Дата редакции 26.03.2020
Дата скачивания 28.03.2024

Қарағанды облысы әкімдігінің
2019 жылғы «___» _____
№ _____ қаулысына
3-қосымша

Қарағанды облысы әкімдігінің
2015 жылғы 17 қыркүйектегі
№ 54/02 қаулысымен
бекітілген

«Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Күші жойылған

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. «Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қарағанды облысы қалалары мен аудандарының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық/қағаз түрінде.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі:

Мемлекеттік корпорацияда – азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәлікті немесе анықтаманы немесе Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірінде № 219 «Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11374 болып тіркелген), (бұдан әрі - Стандарт) «Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 10-тармағымен көзделген негіздер мен жағдайлар бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

порталда:

қайталама куәлік алған кезде – электрондық құжат нысанындағы көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электрондық құжат нысанындағы дәлелді жауап;

электрондық құжат нысанындағы көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ куәландырылған азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтамалар алу.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру мынадай баламалы негізде:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Шетелден азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктерді немесе анықтамаларды сұратып алдырған кезде көрсетілетін қызметті берушіге жүгіну қажет.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Күші жойылған

2- Тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша процедураның (әрекет) басталуы үшін негіздеме

Стандартының 9 тармағында қарастырылған қажетті құжаттар және өтініш негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету барысының құрамына енетін әрбір рәсімнің (әрекеттің) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттар түскеннен кейін қызмет көрсетушінің кеңсе маманы оларды тіркеуден өткізіп, қызмет көрсетушінің басшысына қарастыруға береді – 20 (жиырма) минут ішінде;

нәтиже – тіркеу және өтініш пен құжаттар пакетінің қызмет көрсетушінің басшысына қарастыруға берілуі;

2) қызмет көрсетушінің басшысы жауапты орындаушыны анықтап, орындаушыға сәйкес виза жасайды – 30 (отыз) минут ішінде;

нәтиже – қызмет көрсетушінің виза жасауы және қызмет көрсетушінің орындаушысына тапсыруы;

3) қызмет көрсетушінің жауапты орындаушысы өтінішті Стандарттың 9-тармағына сәйкестілігіне қарай қарастырады да, ұсынылған құжаттарды тексеріп, талдағаннан кейін, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын әзірлейді – Қазақстан Республикасы аумағында 2008 жылдан бері азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде («АХАЖ тіркеу пункті» ақпараттық жүйесінің қызметке ену кезінен бастап) электронды форматтағы анықтамаларды беру – 1 (бір) жұмыс күнінің ішінде;

«АХАТ» тіркеу пункті ақпараттық жүйесінде акт жазбаларының электронды нұсқалары және тіркеуші орган архивінде азаматтық хал актісі болған жағдайда – 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде (қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);

құжаттарды қосымша тексеру немесе басқа мемлекеттік органдарға сұраныс жіберу қажет болған жағдайда, қызмет көрсету мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам создырылмайды, қызмет қабылдаушыны хабарлау арқылы 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде;

азаматтық хал актісін басқа тіркеуші органда тіркеу кезінде– 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде (қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);

нәтиже – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасы басшыға қол қоюға беріледі;

